

"Назарбаев Университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы мен "Назарбаев Зияткерлік мектептері" акционерлік қоғамын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 маусымдағы № 647 Қаулысы.

"Назарбаев Университеті", "Назарбаев Зияткерлік мектептері" және "Назарбаев Қоры" мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 19 қаңтардағы Заңының 13-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Назарбаев Университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы мен "Назарбаев Зияткерлік мектептері" акционерлік қоғамы қайта құру жолымен "Назарбаев Университеті" және "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымдары (бұдан әрі - Дербес ұйымдар) болып қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Дербес ұйымдардың жарғыларын бекіту мен оларды Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 9 маусымдағы
№ 647 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі № 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., № 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлімде:

реттік нөмірі 21-101, 21-115-жолдар алынып тасталсын.

2. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

"Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі" деген бөлімде реттік нөмірі 222-33-3-жол алынып тасталсын;

"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесі" деген бөлім мен реттік нөмірі 304-1-жол алынып тасталсын.

3. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 11.08.2018 № 502 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қыркүйектегі № 993 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 29, 327-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің қарауындағы ұйымдардың тізбесінде:

реттік нөмірі 6-жол алынып тасталсын.

5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 19.08.2022 № 581 қаулысымен.

6. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.

7. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.03.19 № 340 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

8. "2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 1350 қаулысында:

көрсетілген қаулыға 25-қосымшада:

"мемлекеттік тапсырманың орындалуына жауапты заңды тұлғаның атауы" деген бағанда:

реттік нөмірлері 1, 4, 10, 11, 12, 14-жолдардағы "АҚ" деген аббревиатура "ДБҰ" деген аббревиатурамен ауыстырылсын.

9. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.03.2015 № 168 қаулысымен.

10. "Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 6 сәуірдегі № 376 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың тізбесінде:

"Ұлттық компаниялар" деген бөлімде:

реттік нөмірлері 34 және 35-жолдар алынып тасталсын.

